

Сейдехан ӘЛІБЕК,
М. Әуезов атындағы ОҚМУ-дің факультет деканы,
тарих ғылымдарының докторы:



«Қазақстан – 2050» стратегиясы: қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты» жолдауында Елбасы тіл мәселесіне көңірек тоқталды. «Біз, - деді Елбасы – алдағы уақытта да мемлекеттік тілді дамыту жөніндегі кешенді шараларды жүзеге асыруды табандылықпен жалғастыра береміз». Біздегі тіл саясатының түпкі мәні – 2025 жылға қарай қазақстандықтардың 95

пайызының қазақ тілін білуімен айқындалады. Тәуелсіздігіміздің осы орайдағы басты құндылығы – туған тіліміздің мерейін өсіріп, мәртебесін үстем ету болмақ. Бұл тұрғыда ұлттық мәселеде өзгеден емес, әуелі өзімізді қамшылаудан бастап, аянып қалмауға тиіспіз және Елбасының «Қазақ қазақпен қазақша сөйлессін» деген сөздің қадір-қасиетін терең ұғынуымыз керек. Демек тіліміздің қолданыс аясын кеңейту мен мәртебелі биігіне шығару тікелей өзімізге байланысты.